**2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыш агенттігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мыналардың:

364 , 365 , 366 , 367 , 368 , 369 , 370 , 371 , 372-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына

364-ҚОСЫМША

**601 - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Ғарыш саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 157 932 мың теңге (бір жүз елу жеті миллион тоғыз жүз отыз екі мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 3, 21-24-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігін құру туралы" 2007 жылғы 27 наурыздағы N 302 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 мамырдағы N 438 Қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ғарыш қызметі саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ғарыш қызметі саласында мемлекеттік саясатты іске асыру; Қазақстан Республикасында ғарыш саласын құру және дамыту; Қазақстан Республикасында ғарыш қызметінің заңнамалық базасын құру; ғарыш қызметі саласында мемлекеттік техникалық қадағалауды және бақылауды жүзеге асыру ; ғарыш қызметі саласында халықаралық ықпалдастықты жүзеге асыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаның іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Ғарыш саласын-дағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Азаматтардың ға-рыш қызметі сала-сындағы конститу-циялық құқықтары мен бостандықта-рын сақтауды қам-тамасыз ету; ғарыш қызметі са-ласында бірыңғай мемлекеттік сая-сатты іске асыру; ұлттық ғарыш бағ-дарламалар мен жобаларды әзірлеу және іске асыру; мемлекетаралық ғарыш бағдарлама-лары мен жобалар-ды іске асыруда қатысу; экономи-ка, қорғаныс са-лалары және елдің ұлттық қауіпсіз-дігі мүддесінде ғарыш бағдарлама-лары мен жобалары іске асыру жөнін-дегі жұмыстарды үйлестіру; ғарыш саласындағы жоба- | Жыл бойы | Қазақс-тан Рес-публика-сы Ұлттық ғарыш |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | лардың салық сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу; ғарыш қызметіне лицензиялауды жүзеге асыру; ғарыш техникасын құруда және іске қосуда қолданылатын стандарттарды, сондай-ақ азаматтық ғарыш техникасын өндіру, сынау және іске қосу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеуге қатысу. | | агенттігі |
| 2-1 | | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Мынадай тақырыптар бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтерді сатып алу: 1) бюджетті жоспарлау; 2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу. Мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі |
| 3 | | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің қызметін қамтамасыз ету үшін оны материалдық-техникалық қамтамасыз ету және негізгі құралдар сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі |
| 4 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік | Телекоммуникациялық қызметтер, шығыс материалдарын, қосалқы бөлшектер, техникалық құрал- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ұлттық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | дар мен лицензиялық бағдарламалық өнімдер сатып алу. Жүйелі-есептеу техникасын жүйелі-техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу. Жергілікті-есептеу желісін, бағдарламалық өнімдердің формациялық жүйесін әкімшілендіру, сүйемелдеу. | | ғарыш агенттігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: ғарыш қызметі саласында бірыңғай мемлекеттік саясат қалыптастыру және оның негізгі бағыттарын іске асыру.

Соңғы нәтиже: Қазақстан Республикасында ғарыш саласын қалыптастыру және дамыту.

Қаржы-экономикалық нәтиже: бір қызметшіні ұстауға орташа шығын жылына 1 249,50 мың теңгені құрайды.

Уақытылы: жасасқан шарттарға және бекітілген қаржыландыру жоспарына сәйкес.

Сапалығы: кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына және қазіргі экономикалық жағдайларға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.10* N 561 *, 2008.06.13* N 581 *Қаулыларымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына 365-ҚОСЫМША

**601 - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Ғарыш қызмет саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 900 535 мың теңге (тоғыз жүз миллион бес жүз отыз бес мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Ғылым туралы" 2001 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы ; Қазақстан

Республикасы Президентінің»Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің»2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриалық-инновациялық дамуы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ;»"Республикалық бюджет қаражаты есебінен орындалатын қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қалыптастырудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 145 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ғарыш саласының қажеттіліктерін ғылыми-техникалық қамтамасыз ету, "зерттеулер-әзірлеу-өндірісті дайындау-өнеркәсіптік игеру" бірыңғай ғылыми-өндірістік циклға көшуге ықпал ететін жаңа ғылымды қажетсінетін өндірістерді ұйымдастыру, ғылыми-техникалық және т.б. салаларда инновациялық қызметті дамыту үшін қолайлы жағдай туғызу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. Отандық технологиялардың бәсекеге қабілеттігін арттыру, өндірістің ғылымды қажетсінетін салаларын тұрақты дамыту үшін жағдайлар жасау; ғылым мен жаңа отандық технологиялар жетістіктерін іске асыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Ғарыш қызмет саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | Ғарыш қызметі саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу: 1) Ғылыми мақсаттағы ғарыш жүйесінің ақпаратын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді және өңдеу технологиясын әзірлеу. 2) Термоэмиссиялық өңдегіш реакторының базасында ғарыштық ядролық энергоқондырғыш және "Байқоңыр" ғарыш | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | айлағында ТӨР ұшу алдында дайындау үшін техникалық позиция құруға концептуалды жоба, техникалық ұсыныс және ТЭН әзірлеу.<br>3) *алынып тасталды* .<br>4) Қазақстан Республикасында ғарыш техникасының жүйелі ғылым зерттеулерін жүргізу.<br>5) Жер маңындағы ғарыш кеңістігінің жер үсті және спутниктік мониторингі желісін ұйымдастыру. Түрлендірген прототип-аспаптар базасында ғарыш кеңістігін табиғи иондармен қанықтырып сәулелендірудің борттық өлшемдер сегментін құру.<br>6) Ғылыми мақсаттағы ҒА радио-геофизикалық эксперименттер дайындау.<br>7) Адам гендарының қызмет етуінің анықталған молекулярлы-биологиялық ерекшеліктерінің және модельды жүйелерінің негізінде ұзақ ғарыш ұшулар жағдайларында адамның денсаулығы үшін қатерді төмендету тәсілдерін әзірлеу.<br>8) Ғарышкерлерді психофизикалық даярлау және ұшқаннан кейін оңалту тиімділі- | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | гін арттыру үшін әдістер мен аппаратура әзірлеу. 9) Мамандандырылған азық-түлік кешенін - бағытталған физиологиялық-биохимиялық қасиеттермен және ұзақ сақтау мерзімімен адаптогендерді құрастыру және эксперименталды сынау. 10) Ғарыш кеңістігі факторларының қорытпалардың, метаармидті талшықтар мен композиттердің, жұқа пленкалы, кеуек және мембраналы материалдардың, сондай-ақ конденсирленген және иондалған ортаның қасиеттеріне әсерін зерттеу жөнінде эксперименттер сериясын жүргізу. 11) *алынып тасталды* . 12) *алынып тасталды* . 13) *алынып тасталды* . 14) *алынып тасталды* . 15) *алынып тасталды* . 16) ВКО-УФ»орбиталық ғарыш телескопындағы жоспарланған объектілерді қадағалау бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру. 17) *алынып тасталды* . 18) Жоғары және аса жоғары шешімді ғарыш түсірімділері мен қазақстандық ЖҚЗ ҒА деректерін қабылдау үшін Астанадағы, | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Алматыдағы, Атырау мен Байқоңырдағы қабылдау орталықтарын жаңғырту, шетелдік және отандық ҒА-нан тікелей түсіру режімімен Қазақстан аумағының ғарыш түсірімділерін жүйелі қабылдауды қамтамасыз ету.<br>19) *алынып тасталды* .<br>20) Цифрлы ғарыш бейнелері мен электронды каталогтардың ұлттық мұрағатын ағымдағы жаңарту және актуализациялаудың технологиялық кешендерін жаңғырту, ақпаратты рұқсат етілмеген қолжетімдіктен сақтау мен қорғауға кепілдік беру.<br>21) Қазақстанның түрлі жер-климат аймақтарындағы тесттік полигондар желісін кеңейту және жүйелі стационарлы және маршрутты спутникке қарасты бақылауларды қамтамасыз ету.<br>22) *алынып тасталды* .<br>23) GPS-қабылдағыштарының (GPS, ГЛОНАСС) өрістетілген синхрондалған желісі мен жер қабаты учаскелерінің шиырылған-формасы өзгерген жағдайын талдау үшін алынған ақпаратты қабылдау және өңдеу кешені.<br>24) Қазақстанның | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | негізгі өңірлеріндегі өрт және су тасқыны қатерін бағалау және мониторингі үшін кешенді ГИС технологияларын құру.<br>25) ЖҚЗ деректерінің негізінде дәнді дақылдар аурулары мен зиянкестерін ерте анықтау, диагностикасы мен дамуын бақылау технологиялар кешенін құру.<br>26) Дешифрлеу каталогтарын әзірлеумен ЖҚЗ көп жылғы деректерінің қатарларын пайдалана отырып, егістік жерлердің өнімділігін бағалау технологиялары кешенін құру.<br>27) Жоғары шешімді ЖҚЗ деректерін пайдалана отырып, Сырдария өзенінің сағасындағы суландыру жүйелерінің мониторингі үшін ГИС-технологиялар кешенін құру.<br>28) Каспий теңізінің Қазақстандағы бөлігінің, Арал өңірінің және Семей ядролық полигонының аумағы жағдайының ғарыш мониторингінің кіші жүйесін құру.<br>29) *алынып тасталды* .<br>30) *алынып тасталды* .<br>31) Өнеркәсіптік агломерациялар, қалаланған аумақтар, оның ішінде биік құрылысты қалаларда- | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ғы жер қыртысының жоғары горизонттары учаскелерінің шырыққан жағдайының жер үсті-ғарыштық жүйесін құру.<br>32) Көмірсутекті шикізатты үдемелі өндіретін, ірі су қоймалары мен гидротехникалық құрылыстар аумағының спутниктік инженерлік-геологиялық мониторингі жүйесін және спутник геодезия мен ЖҚЗ деректеріне негізделген осы аумақтардағы жер қыртысы учаскелерін шиырылған жағдайын кешенді талдау жөніндегі аппараттық-бағдарламалық жүйесін құру.<br>33) Ғарыш қызметінің экологиялық қауіпсіздігі аясындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жүйелеу.<br>34) РП ОЧ РН, "Днепр" РС-20 авариялық құлау аймақтарының, оларға іргелес халық орналасқан пункттердің, сондай-ақ трасса астындағы аумақтардың экологиялық, санитарлық-гигиеналық жағдайын кешенді бағалау. РКД әсері тиетін аумақтардың экологиялық және санитарлық-гигиеналық мән | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жайының атласын әзірлеу және шығару. 35) КРТ және ВЭЖХ әдістерімен қоршаған орта объектілерінде айналу өнімдерін физикалық-химиялық диагностикасы жүйесін құру. 36) КРТ және оларды өңдеу өнімдерімен ластанған жерлерді детоксикациялаудың тиімді экологиялық қауіпсіз әдістері мен технологияларын әзірлеу. 37) РКД экологиялық қатерін бағалауға және табиғи экожүйелер негізінде нормалауға әдістемелік тәсілдерді негіздеу, НДМГ химиялық трансформациялау өнімдерінің өсімдіктер мен хайуандарға әсерінің токсикологиялық сипаттамасын беру, экологиялық-гигиеналық нормативтер әзірлеу. 38) *алынып тасталды* . 39) *алынып тасталды* . 40) Техникалық регламенттер мен стандарттар әзірлеу, ғарыш қызметі саласында техникалық реттеу мәселелері жөнінде нормативтік актілер қорын құру. Ғарыш техникасы объектілерінің сәйкестігін растау үшін схемалар құру және | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету. 2. Жабдық пен негізгі құралдар сатып алуға капиталды трансферттер аудару. | | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыш агентгігі төрағасының бұйрығымен бекітілген қолданбалы ғылыми бағдарламалар бойынша, тақырыптар бойынша жобалардың басым бағыттары бойынша өткізу.
Түпкі нәтиже: Астрогеофизикалық зерттеулердің ғылыми және эксперименттік базасын дамыту, ғарыш ауа-райы мониторингінің және болжаудың көп деңгейлі жүйесін, базалық инфрақұрылымды және Қазақстан Республикасының ұлттық ғарыш мониторингі жүйесінің тақырыптық кіші жүйелерін, Қазақстанның және оған іргелес аумақтардың жер қабатының жер үсті-ғарыштық геодинамикалық және геофизикалық мониторингі жүйесін, ғарыш қызметінің экологиялық қауіпсіздік жүйесін қоса алғандағы ғарыш саласының ғылымды қажетсінетін компоненттерін құру және дамыту.

Қаржы-экономикалық нәтижесі: ғарыш қызметінің ғылыми және ғылыми-эксперименттік базасының даму деңгейін арттыру нәтижесінде алынатын жанама экономикалық әрі әлеуметтік әсер болуы мүмкін халыққа және техникалық құралдарға зиянды әсерін азайту; ғарыш ауа-райының көп деңгейлі жүйесін құруға байланысты; Қазақстанның және оған іргелес аумақтардың жер қабатының жер үсті-ғарыштық геодинамикалық және геофизикалық мониторингі жүйесін құруға байланысты;, ғарыш қызметінің экологиялық қауіпсіздік жүйесін енгізу нәтижесінде қауіпсіздік деңгейін арттыру.
Уақтылылығы: жұмыстар жүргізу кестесіне сәйкес.
Сапасы: жоғарыда аталған қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу түпкі нәтижесінде Республикамыз үшін стратегиялық тұрғыдан алғандағы проблеманы шешуге - Қазақстан Республикасында ғарыш саласын құруға және оның кейіннен жұмыс істеуіне және Қазақстанның озық ғарыш мемлекеттердің қатарына енуіне ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
366-ҚОСЫМША

**601 - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2008 жылға арналған "Қазақстан Республикасының ғарышкерлерін даярлау" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 16 276 мың теңге (он алты миллион екі жүз жетпіс алты мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Қазақстан Республикасының ғарышкерлеріне кандидаттарды алдын ала іріктеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 қаңтардағы N 27 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Федеральды ғарыш агенттігі арасындағы Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлерінің Ю.А.Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлау мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынау орталығында топтағы арнайы дайындықтан өту тәртібі мен шарттары туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 тамыздағы N 819 қаулысы ; "Ю.А.Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлау мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынау орталығында Қазақстан Республикасының ғарышкер-сынаушыларын даярлауға байланысты шығыстардың нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қыркүйектегі N 919 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Халықаралық ғарыш станциясына ұшу және ғарыштық зерттеулер мен эксперименттер жасаудың қазақстандық бағдарламасын орындау үшін Ю.А. Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлау мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынау орталығында (Мәскеу қаласы ) Қазақстан Республикасының екі ғарышкер-сынаушысын топта даярлауға арнайы дайындық .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : екі ғарышкер-сынаушының Ю.А.Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлау мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынау орталығында (Мәскеу қаласы) болу және арнайы оқу үшін жағдайлармен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 003 | | Қазақстан Республи-касының ғарышкер-лерін даярлау | Қазақстан Республи-касының екі ғарышкер-сынаушыны Ю.А. Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлау мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынау орталығында арнайы даярлықтан өткізу үшін, стипендия, іссапар шығыстарын, тұруға, арнайы тамақтану және жеке арнайы киім мен аяқ киім сатып алуға арналған шығыстарды төлей отырып, жағдай жасау | жыл бойы | Қазақстан Респуб-ликасы Ұлттық ғарыш агенттігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Қазақстан Республикасының екі ғарышкер-сынаушысының топта Ю.А. Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлау мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынау орталығында арнайы даярлықтан өтуі.

Соңғы нәтиже: ғарышкер-сынаушылардың оқу жоспары мен бағдарламаларды толық көлемде игеруі және олардың Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығымен бекітілген 2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленген Халықаралық ғарыш станциясына ұшу кезінде ғарыштық зерттеулер мен эксперименттердің қазақстандық бағдарламаларын орындауға дайындығы.

Қаржы-экономикалық тиімділік: топтағы бір ғарышкер-сынаушы арнайы дайындығының құны 8138 мың теңгені құрайды.

Уақытылығы: Ю.А.Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлау мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынау орталығымен жасасқан шартқа сәйкес.

Сапа: Ю.А. Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлау мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынау орталығында Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлерінің арнаулы дайындықтан өту тәртібі және жағдайы туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Ресей авиация-ғарыш агенттігі арасындағы хаттаманы іске асыру.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына
367-ҚОСЫМША
**601 - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2008 жылға арналған
""Қазақстан Ғарыш Сапар" ұлттық компаниясы" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту "
деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 5276242 мың теңге (бес миллиард екі жүз жетпіс алты миллион екі жүз қырық екі мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 наурыздағы N 242 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі саласында ағымдағы, ұзақ мерзімді салааралық бағдарламаларды іске асыру үшін жағдайлар жасау, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешуге бағытталған жоғары тиімді ақпараттық, ғарыштық технологиялар мен жүйелер жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының Жерді қашықтықтан зондтау ғарыштық жүйесін, 3 жыл әр аппаратты жасау технологиялық кезеңімен массасы 3 тоннаға дейін ҒА бір уақытта жасай алатын ҒТ АКТБ құрастыру-сынау кешенін құру; Қазақстан Республикасының жоғары нақтылы спутниктік навигациясы жүйесінің жер үсті инфрақұрылымын құру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| №N р/р | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | "Қазақстан Ғарыш Сапар" ұлттық компания-сы" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту | "Қазақстан Ғарыш Сапар" ұлттық компаниясы" АҚ-ның жарғылық капиталын Қазақстан Республи-касында Жерді қашықтықтан зондтау ғарыштық жүйесін құру бойынша мынадай іс-шаралар мен | қантар-желтоқсан | Қазақ-стан Респуб-ликасы Ұлттық ғарыш агент-тігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жұмыстар:<br>1) Жерді қашықтықтан зондтау ғарыштық жүйенің нобайлық жобасын әзірлеу;<br>2) ғарыш аппаратына конструкторлық құжаттама әзірлеу; жерүсті мақсатты кешеніне, жерүсті басқару кешеніне құжаттама әзірлеу; шығару құралдарын жасау жөніндегі жұмыстарды бастау;<br>3) жерүсті мақсатты кешенінің эксперименттік-демонстрациялық фрагментін құру;<br>"Байқоңыр" кешенінде қазақстандық сектордың өндірістік-технологиялық негізі болып табылатын құрастыру-сынау кешенін (ҚҰСК) құру бойынша:<br>1) жер учаскесін бөлу және ҚҰСК ғиматының құрылысына учаске бөлу жөніндегі ұйымдық және заң мәселелерін шешу;<br>2) инженерлік зерттеулердің әлеуетті орындаушыларын алдын ала зерттеу, инженерлік зерттеулер орындауға арналған ТТ әзірлеу және әлеуетті орындаушылармен келісу;<br>3) құрылыс учаскесінде инженерлік зерттеулер жүргізу;<br>4) сынау учаскелерінің, құрамын, тізбесі мен жоспарлаудың соңғы нұсқасын, технологиялық жабдықты және ҚҰСК құру кезеңдерін әзірлеу;<br>5) ҚҰСК құрылысына | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | техникалық тапсырманың және сипаттаманың соңғы нұсқасына тәуелсіз талдау жүргізу және сараптама ескертулері бойынша түзету;<br>6) ҒТ АКТБ ҚұСК ғимаратының соңғы нұсқасы бойынша ЖСҚ-ға ТТ әзірлеу;<br><br>7) құрастыру-сынау жабдығының әлеуетті өндірушілері мен жеткізушілерін алдын ала зерттеу, олармен байланыс жасау әрі қажетті жабдықтың параметрін, шарттары мен жеткізу мерзімін нақтылау;<br>8) жеткізушілермен нақтыланған және<br><br>әріптестермен келісілген жабдыққа арналған техникалық сипаттама дайындау, бағдарламалық қамтамасыз ету және ҚұСК құрудың техникалық жобасын әзірлеу үшін ғимарат.<br>Жоғары нақтылы спутниктік навигация жүйесінің жер үсті инфрақұрылымын құру жөнінде:<br>1) спутниктік геодезиялық желі құру және бірыңғай мемлекеттік координаттар жүйесін белгілеу үшін Қазақстан Республикасының жоғары нақтылы спутниктік навигациясы жер үсті инфрақұрылымының жүйесін құру жөнінде жүйелі жоба әзірлеу;<br>2) ҒҒЖ функционалдық қосымшаларының ұлттық операторын ұйымдастыру үшін құжаттар пакетін әзірлеу;<br>3) навигациялық қыз- | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | меттердің нормативтік-құқықтық базасының жағдайын талдау және Қазақстан Республикасында навигациялық-ақпараттық жүйелерді қолдану үшін құжаттар пакетін қалыптастыру;<br>4) Қазақстан Республикасында жоғары нақтылы спутниктік навигация жүйесінің нобайлық жобасын әзірлеу;<br>5) тұтынушының навигациялық аппаратурасының, ғаламдық навигациялық жүйелері функционалдық қосымшаларының навигациялық жабдығының біреgейленген қатарының өндірісін ұйымдастырудың мақсатқа лайықтығы туралы және жүргізуге әрі тематикалық навигациялық жабдықтың тәжірибелік өндірісін құру. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: Жерді қашықтықтан зондтау ғарыштық жүйесінің, жоғары шешімді спутниктің, орта шешімді спутниктің, жерүсті басқару кешенінің, жерүсті мақсатты кешенінің жұмыс құжаттамасын әзірлеу; жер телімін бөлу жөніндегі ұйымдық және заң мәселелерін шешу және ҚҰСК ғимаратын салуға жер бөлу, инженерлік зерттеулердің әлеуетті орындаушыларын алдын ала зерделеу, инженерлік зерттеулер орындауға арналған ТТ әзірлеу және олармен келісу әрі құрылыс учаскесінде инженерлік зерттеулер жүргізу, сынау учаскелерінің, құрамын, тізбесі мен жоспарлаудың нұсқасын, технологиялық жабдықты және ҚҰСК құру кезеңдерін әзірлеу; ҚҰСК соңғы нұсқасына тәуелсіз талдау жүргізу және сараптама ескертулері бойынша түзету, ҒТ АКТБ ҚҰСК ғимаратының соңғы нұсқасы бойынша ЖСҚ-ға ТТ әзірлеу, құрастыру-сынау жабдығының әлеуетті өндірушілері мен жеткізушілерін алдын ала зерттеу, олармен байланыс жасау әрі қажетті жабдықтың параметрін, шарттары мен жеткізу мерзімін нақтылау, жеткізушілермен нақтыланған және әріптестермен келісілген жабдыққа арналған техникалық сипаттама дайындау, бағдарламалық қамтамасыз ету және ҚҰСК құрудың техникалық жобасын әзірлеу үшін ғимарат; Қазақстан Республикасының жоғары нақтылы спутниктік навигациясы жер үсті инфрақұрылымының жүйесін құру,

спутниктік геодезиялық желі құру және бірыңғай мемлекеттік координаттар жүйесін белгілеу жөнінде жүйелі жоба әзірлеу.
Соңғы нәтиже: ғарыш техникасын дамытудың негізгі бағыттарын негіздеу жөнінде жүйелік зерттеулер және оны құру жөнінде тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу үшін инфрақұрылымды дамыту, картография, пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру, төтенше жағдайлар зардаптарының мониторингі, алдын алу және жою, өнеркәсіп пен инфрақұрылым нысандарын салу мен іске қосу, қозғалмайтын мүлікке бақылау (есепке алу және салық салу үшін), жер мен орман пайдалану (есепке алу, жоспарлау және бақылау), ауылшаруашылығын жоспарлау, есепке алу мен бақылау, экологиялық мониторинг саласында Жер бетіндегі объектілер мен процестер туралы шұғыл ақпарат алу есебінен мемлекеттік басқару органдары мен коммерциялық ұйымдарда шешімдер қабылдаудың жылдамдығы мен тиімділігін арттыру; Қазақстанда ғарыш аппараттарын жобалау, құрастыру және сынау жөніндегі жұмыстың толық циклын жүзеге асыра алатын өз жоғары технологиялық кәсіпорыны құрылады, бұл елде өз ғарыш аппараттарын жасауға тапсырыстар орналастыруға және болашақта спутниктер өндірушілердің әлемдік нарығына шығуға мүмкіндік береді; спутниктік навигация жүйесінің жер үсті инфрақұрылымы шағын жүйелерінің барлық күрделі әрекет ету спектрын есепке алу.
Қаржы-экономикалық нәтиже: қосымша үстеме шығындар мен ғарыш түсірілімдерінің құнын 10-20% пайызға төмендету, спутниктер пайдалана бастағаннан шығынның орны өтелу мерзімі - 4,2 жыл, Жерді қашықтықтан зондтау технологиясын экономиканың түрлі салаларына енгізудің жоғарғы экономикалық тиімділігі, елдің экспорттық әлеуетін арттыру және диверсификациялау, ғарыш аппараттарының құнын төмендету, ғарыш технологияларын экономиканың түрлі салаларына енгізуден экономикалық тиімділігі, елдің экспорттық әлеуетін арттыру және диверсификациялау, Қазақстан Республикасы ғарыш саласы мамандарының ғылыми әлеуетін арттыру; спутниктік геодезиялық желі құру және Қазақстан Республикасының бірыңғай мемлекеттік координаттар жүйесін белгілеу, бұл пайдалану шығыстары мен көлік қызметтері тарифтерінің төмендеуіне әкеледі, Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық геодезиялық, топографиялық, кадастрлық операторларға жоғары нақтылы координаттық ақпаратты қамтамасыз ету, бұл экономиканың әсіресе кен металлургиялық және ауылшаруашылық секторларына оң әсерін тигізеді.
Уақыттылығы: Қазақстан Республикасының Жерді қашықтықтан зондтау ғарыштық жүйесін, жоғары нақтылы спутниктік навигация жүйесінің жерүсті инфрақұрылымын құру жөнінде жасасқан шарттар мен жұмыс кестесіне сәйкес; жабдық пен сынау учаскелері құрылымының, функционалдық моделінің, құрамының дайындалған теориялық негіздемесіне сәйкес ҒТ АКТБ ҚҰСК құрылысына ЖСҚ-на ТТ әзірлеу жөніндегі жобаны орындаудың үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

Сапасы: түсірілімдердің келесі түрлерін жүргізу мүмкіндігі: 1м. және 6,7 м.

шешімдегі көрінетін диапазондағы панхроматикалық, 4 м. және 28 м. шешімдегі көрінетін диапазондағы көп аумақты, 30 м. шешімдегі орташа және алыс ИК диапазондағы инфрақызыл, 30 м. шешімдегі гиперспектралды; 24-тен 3-5 тәулікке дейін жоғары шешімді суреттер алу шұғылдығы артады, техникалық жоба әзірлеу, ғимарат салу, халықаралық стандарттар талаптарына сай озық құрастыру-сынау жабдығымен жабдықтау; навигациялық-уақыттық қамтамасыз етудің озық технологияларын енгізу есебінен әлеуметтік-экономикалық міндеттер шешудің тиімділігі: навигациялық-уақыттық қамтамасыз ету технологияларына көшу процестерін жылдамдату үшін халықаралық ынтымақтастық пен кооперация мүмкіндіктерін кеңейту, автомобиль жолдары және темір жолдары құрылысы мен күрделі жөндеу кезіндегі топографиялық-геодезиялық жұмыстар орындау үшін қаржы шығындары мен уақыт кезеңін қысқарту; жаңартылған, экономика қажеттіліктеріне жауап беретін және дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін спутниктік геодезиялық желі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер кадастры мен жылжымайтын объектілер кадастрының координаттық негізін, сондай-ақ Бірыңғай мемлекеттік жер ресурстарының тізілімінің тиімді қызметі үшін негіз құру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
368-ҚОСЫМША

**601 - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Сенім артылған агенттер қызметіне ақы төлеу"
деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 750 мың теңге (жеті жүз елу мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр " ғарыш айлағында "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру туралы Келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қазандағы Заңы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : банк-агенттің бюджеттік несиелеу қызметін көрсету.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Банк-агентке бюджеттік несиелеуге қызмет көрсеткені үшін комиссиялық

сыйақы төлеу.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| №N р/р | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Сенім артылған агенттер қызметіне ақы төлеу | "Байқоңыр"»ғарыш айлағында«"Бэйтерек "зымырандық-ғарыш-тық кешенін құру" республикалық бюд-жеттік инвестиция-лық жобасына агент-тік қызмет көрсет-кені үшін Банк-агентке комиссиялық сыйақы төлеу | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Респуб-ликасы Ұлттық ғарыш агенттігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:»"Байқоңыр" ғарыш айлағында»"Бэйтерек" зымыран-ғарыш кешенін құру" республикалық бюджеттік инвестициялық жобасына агенттік қызмет көрсеткені үшін Банк-агентке комиссиялық сыйақы төлеу.

Соңғы нәтиже:»"Байқоңыр" ғарыш айлағында»"Бэйтерек" зымыран-ғарыш кешенін құрумен байланысты іс-шаралардың орындалуы.

Қаржы-экономикалық тиімділік: республикалық бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыру сапасын арттыру.

Уақытылығы: Банк-агент алдындағы міндеттерінің уақытылы орындалуы.

Сапасы: несиелік шарт жағдайына сәйкес есептілікті және ақпаратты дұрыс, уақытында беру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
369-ҚОСЫМША

**601 - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкінің есебі"
деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 12753 мың теңге (он екі миллион жеті жүз елу үш мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Одақтық бағыныстағы

мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың Қазақ ССР-і Үкіметінің қарамағына көшуі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылғы 31 тамыздағы N 410 Жарлығы; "Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі принциптері мен шарттары туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы 1994 жылғы 14 шілдедегі Келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 14 шілдедегі қаулысы; "Заңды тұлғаларға бекітілмеген мемлекеттік мүлікті бекіту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қаңтардағы N 61 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Аэроғарыш комитетінің "Байқоңырбаланс" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 563 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ресей Федерациясы жалға алған "Байқоңыр" кешені мүлкінің сақталуын және есепке алынуын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ресей Федерациясы Үкіметі жалға алған "Байқоңыр" ғарыш айлағы объектілерінің мүлкін есепке алу және түгендеу, бухгалтерлік есеп жүргізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| № N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 008 | | "Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкінің есебі | Қазақстан Республи-касының заңнамасына сәйкес Ресей Федерациясы жалға алған "Байқоңыр" кешені объектілері-нің мүлкін есепке алу және түгендеу, бухгалтерлік есеп жүргізуді жүзеге асыру мақсатында штат саны 15 адам мемлекеттік мекемені ұстау. | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі, "Байқоңыр-баланс" мемлекеттік мекеме |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Ресей Федерациясының Үкіметі жалға алған және Федералдық ғарыштық агенттіктің қарамағындағы "Байқоңыр" кешенінің мүлкін есепке алу және бухгалтерлік есеп жүргізу, жылжымалы мүлкінің есебі.

Соңғы нәтиже: "Байқоңыр" кешені мүлкінің сақталуы.

Қаржы-экономикалық тиімділік: мемлекеттік мекеменің бір қызметкерін қаржы-шаруашылық ұстау жылына 850,2 мың теңгені құрайды.

Уақытылығы: "Байқоңырбаланс" мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарына сәйкес.

Сапа: бухгалтерлік есепті жетілдіру және "Байқоңыр" кешені мүлкін талан-таражға салудың алдын алу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
370-ҚОСЫМША

**601 - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Байланыс және хабар тарату ғарыш аппараттарымен басқаруды қамтамасыз ету"
деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 981620 мың теңге (тоғыз жүз сексен бір миллион алты жүз жиырма мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 40-тарауы (ерекше бөлік); Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы "Сақтандыру қызметі туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1355»"Байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшырудың кейбір мәселелері" қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 маусымдағы N 648»"Маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы" Қаулысы .

**3 . Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** байланыс және хабар тарату ұлттық спутниктік жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** Халықаралық Электр байланыс Одағына мүше басқа елдермен қазақстандық спутниктің орбиталық позицияларын халықаралық үйлестіру бойынша жұмыстар жүргізу; байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін, жердегі ғарыштық инфрақұрылымды сақтандыру, ғарыштық инфрақұрылымды жерден басқару кешенінің қызметін қамтамасыз ету,

телекоммуникациялық спутникті жасау бойынша жұмыстарды техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| № N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | Байланыс және хабар тарату ғарыш аппараттарымен басқаруды қамтамасыз ету | Қазақстандық спутниктің орбиталық позицияларын үйлестіруді жүзеге асыру, байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін, жердегі ғарыштық инфрақұрылымды сақтандыру, ғарыштық қызмет нәтижесінде залал келтіргені үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру үшін "Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі республикалық орталығы" акционерлік қоғамына түрлі басқа ағымдағы трансферттерді аудару ғарыштық аппараттардағы (Ғ.А.) пайдалануды, оның ішінде байланыс арналарын жалға беруді штатты қолдауды қамтамасыз ету | қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже:

1) талдау, жиілікті-орбиталық жоспарларды негіздеу және таңдау, KAZSAT жүйесіне жиіліктер беруді халықаралық үйлестіру; Тапсырыс берушінің Байланыс әкімшісіне және тікелей Тапсырыс берушіге беру үшін жиіліктердің жоспарлы және жоспарланбаған жолақтарына халықаралық өтінімдік құжаттар жобаларын талдау, ресімдеу және әзірлеу, KAZSAT жүйесіне жиіліктер беруді халықаралық үйлестіруді

жүргізу; Зерттеу комиссияларында жиіліктердің тиісті жолақтарын реттеу мәселелерін қарау кезінде ұсыныстарды негіздеу және жасау; үйлестіруді ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз ету; жиіліктерді беру жүйесін халықаралық үйлестіру және тіркеу бойынша есептерді жүйелі негізде әзірлеу және ұсыну; арнаулы бағдарламалық қамтамасыз етуді жасау (түрлеу);

2) байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін, жердегі ғарыштық инфрақұрылымды сақтандыру, ғарыштық қызмет нәтижесінде залал келтіргені үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру;

3) ҒА пайдалануды штатты қолдауды қамтамасыз етуді жүзеге асыру.

Соңғы нәтиже: байланыс және хабар тарату ұлттық спутниктік жүйесінің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Қаржылық-экономикалық тиімділік: мемлекеттік сатып алу үдерістерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүргізу.

Уақыттылығы: қаржыландырудың бекітілген жоспарына сәйкес.

Сапасы: қазақстандық спутниктің меншікті орбиталық позициясын халықаралық құқықтық қорғауды қамтамасыз ету, сақтандыру оқиғасы туындағанда қорғауды қамтамасыз ету, ҒА штатты пайдаланылуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
371-ҚОСЫМША

**601 - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
""Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі республикалық орталығы" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту" деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 2099562 мың теңге (екі миллиард тоқсан тоғыз миллион бес жүз алпыс екі мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 "Қазақстан Республикасында 2005-2007 жылдарға арналған ғарыштық қызметті дамыту туралы" Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1355»Байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшырудың кейбір мәселелері" қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** Байланыс және телехабар тарату

инфрақұрылымын жеделдете дамыту, жетуі қиын аудандарды байланыспен қамтамасыз ету, байланыс және телехабар таратудың халықаралық спутникті байланыс жүйелерімен үйлесімділік, Қазақстан Республикасының жердегі байланыс инфрақұрылымымен келісімде болу, спутниктік байланыстың жаңа технологияларын енгізу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:»** "KazSat-2" ұлттық геостационарлық байланыс және хабар тарату спутнигін жасау және ұшыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| № N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарла-маның (кіші бағдарла-малардың) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 011 | | "Ғарыштық байланыс және ради-оэлектрон-дық құрал-дардың электро-магниттік үйлесімді-лігі респуб-ликалық орталығы" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту | "KazSat-2" ұлттық геостационарлық байланыс және хабар тарату спутнигін жасау және ұшыру бойынша жұмыстарды жалғастыру және барысын бақылау үшін "Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электр магниттік үйлесім-ділігі республика-лық орталығы" АҚ жарғылық капиталын көбейту | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Ұлт-тық ғарыш агенттігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: "KazSat-2" ұлттық геостационарлық байланыс және хабар тарату спутнигі ұшырылатын болады.

Соңғы нәтиже: соңғы пайдаланушыларға қажетті байланыс қызметтерінің көлемін беру мақсатында спутниктік байланыс операторларының қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Қаржылық-экономикалық тиімділік: байланыс және хабар тарату спутнигін пайдаланудың барлық мерзімінде бюджет тиімділігі 125% құрайды, экономикалық нәтижелер 129% құрайды.

Уақыттылығы: ел операторларының спутниктік ресурсқа қажеттілік % - 30%, біртіндеп өсуімен 90% дейін.

Сапасы: деректерді беру қызметтерінің тарифтерін арзандату % - 5-10 %, бүкілдүниежүзілік Интернет желісіне қол жетімділік сапасын жақсарту, байланыстың жаңа түрлерін дамыту, телекоммуникациялық қызметтерді кеңейту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
372-ҚОСЫМША

**601 - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арнаған
"Ресей Федерацияның жалдауынан шығарылған объектілерді кәдеге жарату және қайта құнарландыру, сонымен қатар "Байқоңыр" кешеніндегі рұқсат етілмеген үгінділерді жою"
деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 160000 мың теңге (бір жүз алпыс миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** Қазақстан Республикасы Президентінің»"2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы" туралы 2006 жылғы 14 қарашадағы N 216 Жарлығының 3.5 бөлімі»"Инфракос" Республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 қаңтардағы N 27 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:»** "Байқоңыр" кешені объектілерін қайта өңдеу арқылы табиғи ортаны қалпына келтіру,»"Байқоңыр" кешеніне келетін алыс және жақын шетел делегациялары алдында Қазақстан Республикасы мәртебесін көтеру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** "Байқоңыр" кешеніндегі рұқсат етілмеген қоқыстарды жою, қайта өңдеп қалпына келтіру, қалдықтарды пайдалану, жинау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 012 | | Ресей Федерацияның жалдауынан шығарылған объектілерді кәдеге жарату және қай- | "Байқоңыр" кешеніндегі N 37, 37А, 37Б, 38, 113, 110 Ж, 110 РП, 250 РП, алаң- | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ұлттық ға- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | та құнарландыру, сонымен қатар "Байқоңыр" кешеніндегі рұқсат етілмеген үгінділерді жою | дарындағы рұқсат етілмеген қоқыстарды жою, қалдықтарды пайдалану, көму, құрылыс қалдықтарын жинау, қайта өңдеп қалпына келтірудің жобасын жүзеге асыру: - шұңқырларды қазу; - қалдықтарды автокөлікпен тасымалдау; - тегістеу қайта өңдеп қалпына келтіру; - шұңқырларды көму. | | рыш агенттігінің "Инфракос" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Төте нәтижесі:

- "Байқоңыр" кешенінің (жалпы көлемі 256,0 Га жері) N 37, 37 А, 37 Б, 38, 113, 110 Ж, 110 РП, 250 РД алаңдарында табиғи ортаны қалпына келтіру.

Соңғы нәтижесі:

- "Байқоңыр" кешеніндегі Ресей Федерациясы жалдан шығарған объектілердің жерін қайта өңдеп қалпына келтіру, алаңдарды рұқсат етілмеген қатты қалдықтардан тазарту үшін, табиғатты қорғау іс-шараларын жүргізу.

Экономикалық-қаржылық қорытынды: Жобаны жүзеге асырудың тиімділігін талдаудың қорытындысына сәйкес.

Өз уақытында: Келісім-шарттар және жұмыс өндірісінің графигіне сәйкес.

Сапасы: Қолданыстағы құрылыс нормалары және ережелері талабына сәйкес.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК